

А.Ж. Абдикадирова\*, С.Б. Жұмағұл

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: zharullakizi@mail.ru, sagymbai.zhumagul@mail.ru)*

## Этнопоэтиканың теориялық аспектілері

Мақалада этнопоэтиканың теориялық аспектілері туралы сөз болады. Әдебиеттану, лингвистика, мәдениеттану, лингвопоэтика сияқты бірнеше ғылымдардың тоғысында пайда болған поэтиканың бір саласы — этнопоэтиканың ерекшелігі ғылыми тұрғыда талданған. «Этнопоэтика» терминінің шығу тегі мен Д. Ротенберг, Д. Тедлок, Д. Хаймс, В.Н. Захаров, Г.Д. Гачев, З.П. Табакова және т.б. ғалымдардың еңбектері қарастырылған. Этнопоэтиканың ғылыми бағыт ретінде қалыптасуының негізгі кезеңдері мен зерттелу тарихы айтылады. Көркем туындыда ұлттық болмысты танытуда бұл сала ерекше рөл атқарады, сол себепті де этнопоэтика ғылымы өзінің өзектілігін көрсетеді. Сонымен қатар қазіргі этнопоэтиканың проблемалық-әдіснамалық бағыты зерделенген. Қазіргі этнопоэтика саласының негізгі параметрлері анықталып, этнопоэтиканың ғылымның кейбір салаларымен байланысы сараланған. Атап айтар болсақ, оның имагология, діни филология сияқты ішкі бөлімдермен байланысы туралы талданған. Мақалада авторлар этнопоэтиканың әдебиеттану ғылымында алатын орнын көрсетуге тырысқан.

*Кілт сөздер:* әдебиеттану, поэтика, этнопоэтика, нарратив, әдебиет теориясы, мәдениеттану, имагология.

### *Кіріспе*

Ғылымның қарқынды дамуы әдебиеттану саласында да зерттеудің жаңа бағыттарының пайда болуына әкелді. Поэтикалық мәтіндердегі этникалық факторлардың өзара әрекеттесуін зерттеу арқылы этнопоэтика сияқты ерекше бағыт бөлініп шықты. Зерттеушілер осы бағыттың пайда болуымен талдаудың этнопоэтикалық жаңа түрін ұсынады, сол арқылы әдебиеттегі ұлттық ерекшелікті табуға тырысады. Яғни, ақын-жазушылардың шығармаларындағы этнопоэтизмдердің қолданылуы, әр ұлттың лингвомәдениеті мен менталитеттерінің белгілі бір әдеби туынды ішіндегі көрініс табуын этнопоэтикалық талдау арқылы көрсетеді.

Этнопоэтиканың зерттеу пәніне негізінен этнопоэтизмдерді жатқызамыз. Этнопоэтика әдебиеттану, лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, лингвопоэтика сияқты ғылымдардың тоғысында қалыптасады. Этнопоэтика этнология, антропология, фольклористика, стилистика, лингвистика, әдебиеттану және аударма ісінің бір саласы болып саналады.

### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

Әдеби антропология және мәдениет философиясы саласындағы этнологиялық зерттеулер ертеден келе жатыр. Этнологиялық зерттеулердің проблемалық бағыттарын, зерттеушілерін толық тізіп шықпай, этнопоэтиканың арнайы ғылыми пән ретінде қалыптасуы тұрғысынан ең маңыздыларын ғана атап өтеміз. Зерттеу мақалада «этнопоэтика» терминіне тоқталған кезде осы тақырыпты әр қырынан зерттеп жүрген Д. Ротенберг, Д. Тедлок, Д. Хаймс, В.Н. Захаров, Г.Д. Гачев сияқты ғалымдардың еңбектерін қарастыруға назар аудардық.

Сонымен бірге, зерттеу ізденісі ғылыми-теориялық парадигманың мүмкіндіктерін жанаша тұжырымдамалық сипатта қарастыруға арналды. Зерттеу жұмысында салыстырмалы-тарихи, жүйелеу, герменевтикалық талдау әдістері пайдаланылды.

### *Негізгі бөлім*

Ғалымдар бұл тақырыпты қозғаған кезде этнопоэтика жайлы ойлар ең алғаш XVII ғасырда Никола Буалонның өнердегі жергілікті және тарихи ерекшеліктер туралы тұжырым жасаған «Поэтикалық өнер» атты трактатынан бастау алған деп есептейді. Ал негізінен этнопоэтикалық

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zharullakizi@mail.ru

теорияның негізін қалаушылар ретінде американдық акын, аудармашы Джером Ротенберг, ғалым Деннис Тедлок және антрополог Делл Хаймстарды айтамыз.

Этнопоэтика Стэнли Даймонд, Делл Хаймс, Натаниэл Тарн, Гэри Снайдер, Джером Ротенберг сияқты поэзияға қызығушылық танытқан антропологтар мен лингвистер арасында мақал-мәтелдерге, жұмбақтарға, дуалауларға, қарғыстарға, дұғаларға, сәуегейліктерге, көпшілік алдында айтылатын сөздерге, манифестер мен нарративтерге пішін берген әдеби перформанстардан пайда болды.

Джером Ротенберг «этнопоэтика» терминін алғаш 1968 жылы енгізген. Д.Ротенберг жергілікті американдық үндістердің ауызша дәстүрлері жайлы аудармалардың көпшілігінде ауызша көріністердің күші мен сұлулығын жазбаша жеткізу мүмкін болмағанын айтады. Ротенберттің әсерімен әлем мәдениеттерінің баяндау және поэтикалық бай дәстүрлері туралы зерттеуге негіз қаланды.

Этнопоэтиканың жеке зерттеу бағыты ретінде дамуы негізінен XX ғасырдың ортасынан бастап Деннис Тедлок және Делл Хаймс сияқты американдық антропологтар мен лингвистерден басталды. Д.Тедлок те, Д.Хаймс та жергілікті американдықтардың (үндістер) ауызша өнерінің көркемдік байлығын көрсету үшін этнопоэтикалық талдауды қолданған және олар кейбір аналитикалық мәліметтермен келіспесе де, этнопоэтиканың негізгі мәселелері мен мақсаттары туралы келісімге келді. Этнопоэтика 1980 жылдардың басында Делл Хаймстың «Мен сізге бекер айтуға тырыстым: жергілікті американдықтардың этнопоэтикасы туралы очерктер» (In vain I tried to tell you: Essays in Native American ethnopoetics) (1981) немесе Деннис Тедлоктың «Ауызекі сөз және түсіндіру жұмысы» (The Spoken Word and the Work of Interpretation) (1983) сияқты үлкен шығармаларымен танымал болды және антропологтарды, фольклористерді, лингвистерді кең пәнаралық сала ретінде таң қалдырды.

Д.Хаймстың кейінгі еңбектері поэтикаға, атап айтқанда американдықтардың ауызша әңгімелерін поэтикалық ұйымдастыруға бағытталған. Ол Деннис Тедлок екеуі этнопоэтиканы лингвистикалық антропология мен фольклористика шеңберіндегі зерттеу саласы ретінде анықтады. Д.Хаймс үшін этнопоэтика — нарратив пен перформанстың айналасында болатын және сайып келгенде қоғамдағы тіл туралы түсінікке енетін кең теориялық көзқарастың бөлігі.

«Этнопоэтика» терминінің негіздемесіне тоқталар болсақ, жоғарыда атап өткеніміздей, американдық ғалымдардың еңбектерінде алғаш зерттелініп, негізі қаланған. Қазіргі таңда ғылыми зерттеу әдістерінің ішінде кеңінен қолданыс тапқан. Америкалық ғалымдар этнопоэтиканы ауызша сөйлеумен байланыстырады, ауызша айтылған дүниенің мәтінде қалай берілгеніне назар аударады. Сонымен қатар, аудармалардың түпнұсқадағы контекстке сай жасалғандығына, түпнұсқасындағы алғашқы ойды аудармашының қалай жеткізгендігіне мән береді.

Белгілі бір шығармада кездесетін баяндаулардан алғашқы мағынаны анықтай алмауымыз мүмкін. Сол себепті де қаламгер бұрын айтылған әңгімені туындыда қайта жеткізген кезде түпнұсқадағыдай дәл жеткізуге тырысады. Зерттеу әдістерінің энциклопедиясында: «Этнопоэттер өз шығармаларының түпнұсқалық орындаудағы грамматикалық және семантикалық үлгісіне, стиліне, бейнелі сөйлеу мен образдарына, акустикасына, ырғақтарына және соған байланысты мағынаны жеткізе алатын қосымша дыбыстық эффекттерге (кідірістер мен интонацияларды қосқанда) сәйкес келуін қалайды», — деп берілген [1; 297]. Осыған сай анықтама беретін болсақ, этнопоэтика — бұл ауызша өлеңдердің немесе баяндаулардың мәтіндік нұсқаларын жазу әдісі. Онда жазбаша түрде жоғалып кететін поэтикалық элементтерді бекіту үшін поэтикалық жолдар, өлеңдер қолданылады. Кез келген этнопоэтикалық мәтіннің мақсаты — өзіндік мәдени контексте ауызша орындау тәсілдері туындылардың эстетикалық құндылығын қалай арттыратынын көрсету.

Ал Ресейде этнопоэтикалық зерттеулер тек 1990 жылдардан бастап жүргізіле бастады. Ресейде бұл терминнің негіздемесін Петрозаводск университетінің профессоры В.Н. Захаров қалады. Ғалым әдебиеттен ұлттық ерекшелікті зерттейтін арнайы филологиялық пән ретінде анықталған «этнопоэтика» терминін қолданады. Оның пікірінше, этнопоэтика тіл білімінде бұрыннан бар, Э.Сепир мен Б.Уорф негіздеген этнолингвистика бағытына параллель пайда болған. В.Н. Захаров өз зерттеулерінде этнопоэтиканың аспектісінде ұлттық ерекшелікті қарастырады: «Этно» сөзінен басталатын әртүрлі пәндер арасында сөзсіз тағы біреуі жетіспейді — нақты әдебиеттердің ұлттық ерекшелігін, олардың әлемдік көркемдік үдерістегі орнын зерттейтін «этнопоэтика». Ол белгілі бір әдебиетті ұлттық ететін не екендігіне жауап беру керек, біздің жағдайда — орыс әдебиетін орысша қылатын не» [2; 9].

Бұған дейін кеңестік саяси идеологияның әсерінен өзгеше мазмұн алып келген орыс әдебиетін төлтура ұлттық және рухани бастаулары мен дәстүрін ескеретін жаңа концепция қажет деген ой айтады. Әдебиеттанушы орыс әдебиетінің ұлттық ерекшелігін игерудің екі бағытын ұсынады. Олардың бірі фольклорлық мотивтер мен бейнелерді анықтауға арналса, екіншісі «этнопоэтиканың негізгі құрамдас бөлігі» деп санайтын ерекше «православтық кодқа» арналған. Ғалым этнопоэтикаға байланысты өз еңбектерінде орыс әдебиетіндегі ұлттық ерекшелікті христиандық православтық мәдениетпен байланыстыра зерттеген.

В.Н. Захаровтың «Тарихи поэтика мәселелері» кітабының ерекше назар аударатын, негізгі тоқталған мәселесі — «этнопоэтика». В.Н. Захаров белгілі бір әдебиеттің ұлттық ерекшелігін, әлемдік көркемдік үдерістегі орнын зерттеуі тиіс поэтиканы осылай атауды ұсынады, ол әдебиетті ұлттық етіп көрсететін не екеніне жауап беру керек деген ой айтады. «Тарихи поэтика мәселелері. Этнологиялық аспектілер» кітабында тарихи поэтиканың фабула, сюжет, жанр, хронотоп, образ, символ, фантастика, дәстүр, мәтін сияқты категорияларын түсіндіруге ұлттық акцент беріледі. В.Н. Захаров орыс әдебиеті этнопоэтикасының православиелік аспектілеріне тоқталады. Орыс ақын-жазушыларының өз оқырмандарына не айтқылары келгендерін түсіну үшін православиені білу қажет деп көрсетеді.

Ғалым О.В. Зыряновтың «Қазіргі поэтиканың проблемалық-әдіснамалық өрісі» атты мақаласында этнопоэтиканың ғылыми бағыт ретінде қалыптасуының негізгі кезеңдері қарастырылады, орыстың ұлттық сипатының, орыс дүниетанымының, әлемнің ұлттық бейнесінің проблемаларына арналған мәдениет философиясы саласындағы этнологиялық зерттеулердің рөлі нақтыланады. Д.С. Лихачев енгізген «әдеби трансплантация» мәселесін П. Катениннің Жуковскиймен баллада жанрының орысша нұсқасы туралы полемикасы материалдарынан іздестіреді. В.А. Захаровтың жұмысына сүйене отырып, «этнопоэтика» терминінің негіздемесі келтірілген. О.В. Зырянов аталған мақалада тек ресми-терминологиялық қана емес, тарихи поэтика, орыс және басқа да ұлттық әдебиеттердің тарихы бойынша ғылыми зерттеулерді айтарлықтай ілгерілетуге мүмкіндік беретін нақты әдіснамалық аударманы қарастырған. О.В. Зырянов «этнопоэтика» терминін екі принциптің органикалық байланысында қарастырады: олардың бірі этномәдени тәртіптің негізінде (ұлттық рухани-діни дәстүрдің аксиологиялық негіздері), ал екіншісі тарихи және онтологиялық поэтика саласына тікелей енетін нақты филологиялық категорияларға сүйенеді.

Орыс әдебиетінде жазушылар христиандық-діни дәстүрді классикалық әдебиеттану әзірлеген жанрлық аксиология, мотивтік және концепт-талдау, интертекстуалды тәсіл сияқты әмбебап әдістер мен тәсілдер контекстінде түсіндіреді. Басқаша айтқанда, этнопоэтика тарихи поэтиканың терең, онтологиялық негіздерінде қарастырылуы керек.

Соңғы уақытта жаһандану үдерісінде ұлттық ерекшелік мәселелеріне қоғамның қызығушылығы едәуір өсті, әртүрлі халықтардың мәдениеті арқылы, оның ішінде көркем әдебиеті арқылы әлемнің ұлттық бейнесін зерттеуге ерекше ұмтылыс пайда болды. Әлемнің ұлттық бейнесі ғылымда этнопоэтиканың категориясы ретінде қарастырылады. Бұл ретте, әлемнің ұлттық бейнесі қазіргі әдебиеттануда әлі жеткілікті зерттелмеген, сондықтан бұл тақырыпқа тоқталу өзекті болып табылады. Әлемнің ұлттық бейнесіне арналған әдебиеттану жұмыстары көп емес. Солардың бірі ретінде орыс әдебиеті және христиан діни туралы зерттеуші В.Н. Захаровтың еңбектерін атап өту қажет.

Әлемнің ұлттық бейнесін зерттеуге Г.Д. Гачевтің еңбектері арналған. Ғалым 1960–2007 жылдар аралығында ұлттық менталдылықты талдауға арналған «Әлемнің ұлттық бейнелері» атты көп томдық сериясын жарыққа шығарды. Ол кез келген ұлттық ағзаны тұтастық ретінде көруге мүмкіндік беретін әдіснаманы жасады. Ұлттық Космо-Психо-Логос ұғымын енгізіп, адамдар мен табиғаттың бірлігі, ұлттық сипаты мен ойлау тәсіліне үңілді. Ұлттық ғарышты сипаттай отырып, ол Сократқа дейінгі философияда дамыған төрт элементтің табиғи философиялық тілін қолданды: «жер», «су», «ауа», «от». Ұлттық мәдениеттердегі кеңестік пен уақыт арақатынасы, ерлер мен әйелдер, өсімдіктер мен жануарлар бейнесі, дінді сезінуі бойынша айырмашылықтарын анықтады. Өз уақытында Г. Гачевтің «Әлемнің ұлттық бейнелері» монографиясы ерекше маңызға ие болды, оған табиғаттың (Ғарыш) үшбірлігі, халық жанының (Психея) қоймасы және оның ақыл-ойының логикасы (Логос) сияқты табиғи-материалдық және рухани факторлардың органикалық үйлесімі ретінде ұсынылған категориялар енгізілген.

Ол әлемнің ұлттық бейнесін «координаттар торы» деп атайды. Оның пайымдауынша, «координат торы» әлемді ғарыш сияқты қабылдайды. Әлемнің ұлттық бейнесін ол өте кең түрде түсіндіреді. Зерттеушінің пікірінше, оны саналы түрде түсіндіруге келмейді, өйткені оның басым бөлігі мифопоэтика саласында және көркем образ бен мотивтерде бейсаналы тұрғыда беріледі. Гачевтің пікірінше, ұлттық құндылықтардың, бағыттардың, рәміздердің, архетиптердің негізгі қоры әлемнің ұлттық бейнесінде көрініс табады.

Зерттеуші А.Ф. Кофманның да бұл тақырыпқа арналған жұмыстары бар. Әдебиеттанушы латынамерикандық әлем бейнесін зерттеу мақсатында қырыққа жуық әртүрлі мәтіндерді талдайды. «Латынамерикандық әлемнің көркем бейнесі» кітабында А.Ф. Кофман латынамерикандық мәдениетінің өзіндік ерекшелігін танытатын мотивтердің, бейнелердің тұрақталған жүйесін көрсетеді.

Сонымен қатар, әлемнің ұлттық бейнесінің тақырыбын толығымен ашатын жұмыстардың бірі — С.В. Шешунованың «Орыс әдебиетіндегі әлемнің ұлттық бейнесі» атты докторлық диссертациясы. Зерттеуші бұл ұғымға мынадай анықтама береді: «Әлемнің ұлттық бейнесі көп деңгейлі көркемдік құрылым ретінде анықталады — этномәдени ерекшелігі бар әдеби мәтіннің өзара әрекеттесетін компоненттерінің жиынтығы. Бұл компоненттер бейнелі түрде, мәтіннің сюжеттік-композициялық және кеңістіктік-уақыттық ұйымдастырылуында көрініс табады». [3; 37]. Ғалым П.И. Мельников-Печерский, А.И. Солженицын, И.С. Шмелев сияқты жазушылардың шығармашығы негізінде әртүрлі православтық, мифологиялық және фольклорлық бейнелер мен мотивтерді талдайды және орыс әдебиетіндегі христиан мәдениеті мен халық шығармашылығының бірлігі туралы қорытындыға келеді. Өзінің алдындағы идеяларды дамыта келіп, С.В. Шешунова докторлық диссертациясы аясында әлемнің ұлттық бейнесін көп деңгейлі көркемдік құрылым, этномәдени ерекшелігі бар әдеби мәтіннің компоненттерінің өзара әрекеттесуі кешені ретінде анықтайды.

Жоғарыда аталған зерттеу материалдары әртүрлі халықтардың әлемнің ұлттық келбетін бейнелейтін әр кезеңдегі этнограф-жазушылардың, саяхатшылардың, ағартушылардың жұмыстарына негізделген.

Біздің отандық әдебиеттануда этнологиялық зерттеулер көп жүргізілсе де, «этнопоэтика» термині тек кейінгі кезде қолға алына бастағаны анық. Этнопоэтиканы ғылыми бағыт ретінде арнайы зерттеп жүрген ғалымдардың бірі — З.П. Табакова. Оның осы тақырыпқа арналған бірнеше ғылыми мақалалары мен зерттеу еңбектері бар. Зерттеуші этнопоэтиканы лингвомәдениеттану, этнолингвистика, лингвопоэтика қиылысында пайда болған лингвистикалық бағытқа жатқызады. Ғалым этнопоэтиканың лингвистикадағы дербес бағыт ретіндегі негіздемесін келтіреді. Этнопоэтиканы қарастыру барысында лингвопоэтика, лингвомәдениеттану, концепт, этнопоэтизм, әлемнің тілдік бейнесі сияқты ұғымдарға тоқталады. Этнопоэтикалық талдау нәтижелері полиэтникалық аймақтарда тұратын ақындардың шығармашылығында айқын көрінеді деген ой айтады. Зерттеуші этнопоэтикалық талдау принциптері ана тілінің психикалық компонентін де, кез келген өзара әрекеттесетін тілдерді де зерттеу үшін қолданылады деген тұжырым жасайды.

Орыс тілді поэзияда қазақ тіліндегі ұлттық этномәдениеттік мағынасы бар сөздерді пайдалану екі ұлттық лингвомәдениеттің — орыс және қазақ тілдерінің өзара әрекеттесуін көрсететінін айтады. «Халықтың мәдениеті тілінен көрініс береді. Тіл мен мәдениеттің арасында параллелизм бар, сондықтан мәдениеттердің өзара енуі тілдердің өзара әрекеттесуіне әкеледі. Байланыс қостілділігі жағдайында тілдер мен мәдениеттердің тоғысу өрісі қалыптасады. Екі мәдениеттің тоғысындағы туған тұлға этнос мәдениетінің әсерінен қалыптасады, бірақ басқа халықтың мәдениетінің де белгілі бір әсерін сезінеді. Әртүрлі этностардың мәдениеттерінің өзара әрекеттесуі әлемнің тілдік бейнесі мен субъективті модальділік тұрғысынан поэтикалық мәтінді талдау үдерісінде көрінеді. Болмысты нағыз ұлттық және эстетикалық қабылдау сөздің поэтикасы арқылы танылады» [4; 202].

Қазіргі этнопоэтиканың проблемалық-әдіснамалық өрісін белгілеу тұрғысынан этнопоэтика мен имагологияның, этнопоэтика мен компаративистиканың контактология және константология сияқты ішкі бөлімдерінің, этнопоэтика мен діни филология немесе онтологиялық поэтиканың өзара қарым-қатынасы аса маңызды мәнге ие болады. Этнопоэтиканың имагологиялық аспектілері этнопоэтикадағы ұлттық бейнелер мен этникалық стереотиптер, олардың қоғамға әсері, әдеби туындыда берілуі туралы зерттейді. Әлемнің ұлттық бейнесінің мәні, өздеріңіз білетіндей, салыстыру негізінде танылады. Осы тұста имагология аясына немесе «өзге» (шетелдіктер мен бұратаналар) бейнелерді — өзге этномәдени және этноконфессиялық әлем өкілдерін рецепциялау мен репрезентациялау саласына шығу толықтай заңдылық болып табылады. Этнопоэтика мен

имагологияның байланысы туралы қарастырған кезде ұлттық мәдениеттегі «бөтен» образдарды қабылдау (рецепция) және қайталау (репрезентация) туралы айтамыз. Әдебиеттегі бейнелерді зерттейтін әдебиеттанудағы компаративті имагология сияқты зерттеу бағыттары осы ұғыммен байланысты. Имагология саласында ұлттық бейнелерді, имидждер мен стереотиптерді бөліп көрсету керек. Қазіргі имагология образдарды әртүрлі қасиеттерімен қайта жаңғыртуды зерттейді.

Әдебиет — бұл халықтың жан дүниесін немесе ұлттық психиканы бейнелеудің ең керемет және шынайы түрі. Осы тұрғыдан алған кезде діни филология аясында да этнопоэтикалық зерттеулер жүргізуімізге болады. Сонымен қатар этнопоэтиканың өңіртану мен геопоэтика сияқты өзара жақын пәндермен байланысын ескеру қажет.

### Қорытынды

Этнопоэтика — өзара байланысқан әдіснамалық тәсілдердің тұтас жүйесі. Бұл жүйеге дәстүрлі компаративистиканы енгізсек, әдеби трансплантация, ұлттық мәдениеттің негізгі ұғымдары, концептілері туралы айтуымызға болады. Бұл жерде этнопоэтика көбірек этнолингвистика және фольклористикамен тығыз байланысты болып табылады. Этнопоэтиканы этнология, антропология, фольклор, стилистика, лингвистика немесе әдебиеттің қосалқы саласы ретінде қарастыруға болады. Этнопоэтика өзінің пәні мен әдіснамасына байланысты аударманың маңызды саласы болып табылады.

Қорыта айтар болсақ, поэтиканың этномәдени компоненті, әлемнің ұлттық бейнесі туралы айтқан кезде этнопоэтиканы зерттеу пәні ретінде қарастырсақ, фольклорлық және ұлттық-архетиптік бастауларды, рухани негіздерді ғылыми талдауда этнопоэтика зерттеу әдіснамасы да бола алады. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер келешекте әлі де зерттеуді қажет етеді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Given, L. M. (Eds.). (2008). The Sage encyclopedia of qualitative research methods. Encyclopedia of qualitative research methods. (Vol. 1 & 2. pp. 1072). Los Angeles, CA: SAGE Publications.
- 2 Захаров В.Н. Русская литература и христианство [Электронный ресурс] / В.Н. Захаров // Проблемы исторической поэтики: сб. науч. тр. Вып. 3. — Петрозаводск: Изд-во ПетрГУ, 1994. — С. 5–11. — Режим доступа: <https://poetica.pro/journal/article.php?id=2370>.
- 3 Шешунова С.В. Национальный образ мира в русской литературе (П.И. Мельников-Печерский, И.С. Шмелев, А.И. Солженицын): автореф. дис. ... д-ра филол. наук; спец. 10.01.01 — «Русская литература» / Светлана Всеволодовна Шешунова. — Дубна, 2006. — 42 с.
- 4 Табакова З.П. Этнопоэтика: предмет исследования и этнопоэтический анализ / З.П. Табакова // Вестн. Челяб. гос. ун-та. — Сер. Филология. Искусствоведение. — 2014. — № 7 (336). — Вып. 89. — С. 198–206.

А.Ж. Абдикадилова, С.Б. Жумагул

### Теоретические аспекты этнопоэтики

В статье рассмотрены теоретические аспекты этнопоэтики. Научно проанализирована специфика этнопоэтики — одной из ветвей поэтики, возникшей на стыке нескольких наук, таких как литературоведение, лингвистика, культурология, лингвопоэтика. Изучены происхождение термина «этнопоэтика» и труды Д. Ротенберга, Д. Тедлока, Д. Хаймса, В.Н. Захарова, Г.Д. Гачева, З.П. Табаковой и других. Изложены основные этапы становления и история изучения этнопоэтики как научного направления. В художественном произведении эта сфера играет особую роль в представлении национальной идентичности, поэтому наука этнопоэтика показывает свою актуальность. Также определено проблемно-методологическое направление современной этнопоэтики. Выявлены основные параметры современного направления этнопоэтики и проанализирована связь этнопоэтики с некоторыми отраслями науки. В частности, анализу подвергалась ее взаимосвязь с внутренними отделами, такими как имагология, религиозная филология. В статье показано место этнопоэтики в литературоведении.

*Ключевые слова:* литературоведение, поэтика, этнопоэтика, нарратив, теория литературы, культурология, имагология.

A.Zh. Abdikadirova, S.B. Zhumagul

**Theoretical aspects of ethnopoetics**

This article discusses the theoretical aspects of ethnopoetics. The specificity of ethnopoetics is one of the branches of poetics that emerged at the junction of several sciences, such as literary studies, linguistics, cultural studies, and linguopoetics, which are scientifically analyzed. The origin of the term «ethnopoetics» and the works of J.Rothenberg, D.Tedlock, D.Hymes, V.N.Zakharov, G.D.Gachev, Z.P.Tabakova, and others are considered. The main stages of the formation and history of the study of ethnopoetics as a scientific direction are described. In a work of art, this sphere plays a special role in the representation of national identity, so the science of ethnopoetics shows its relevance. The problematic methodological direction of modern ethnopoetics is also determined. The main parameters of the modern direction of ethnopoetics are revealed and the connection of ethnopoetics with some branches of science is analyzed. In particular, its relationship with internal departments, such as imagology, religious philology are examined. The article shows the place of ethnopoetics in literary studies.

*Keywords:* literary studies, poetics, ethnopoetics, narrative, literary theory, cultural studies, imagology.

## References

- 1 Given, L.M. (Eds.). (2008). The Sage encyclopedia of qualitative research methods. Encyclopedia of qualitative research methods. (Vol. 1 & 2. pp. 1072). Los Angeles, CA: SAGE Publications.
- 2 Zakharov, V.N. (1994). Russkaia literatura i khristianstvo [Russian literature and Christianity]. Problemy istoricheskoi poetiki — Problems of historical poetics: sbornik nauchnykh trudov — collection of scientific papers, issue 3, (pp. 5–11). Petrozavodsk: Izdatelstvo Petrozavodskogo gosudarstvennogo universiteta. Retrieved from <https://poetica.pro/journal/article.php?id=2370> [in Russian].
- 3 Sheshunova, S.V. (2006). Natsionalnyi obraz mira v russkoi literature (P.I. Melnikov-Pecherskii, I.S. Shmelev, A.I. Solzhenitsyn) [National image of the world in Russian literature (P.I. Melnikov-Pechersky, I.S. Shmelev, A.I. Solzhenitsyn)]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Dubna [in Russian].
- 4 Tabakova, Z.P. (2014). Etnopoetika: predmet issledovaniia i etnopoeticheskii analiz [Ethnopoetics: the subject of research and ethno-political analysis]. Vestnik Cheliabinskogo gosudarstvennogo universiteta — Bulletin of the Chelyabinsk State University, Philology. Art history series, issue 89, 7 (336), 198–206 [in Russian].